


ҚУАНЫШ  
ЖИЕНБАЙ

ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ

Л 2007

3813к



“ӨЛКЕ”  
БАСПАСЫ

Елде жоқ ережелер







ҚУАНЬШ ЖИЕНБАЙ

# Елде жоқ ережелер

*Әңгімелер, повесть, роман*

1

АЛМАТЫ  
ӘНКЕ  
БАСПАСЫ  
  
2006

ББК 84 Қаз7-44

Ж60

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Ж60 Жиенбай Қуаныш. Елде жоқ ережелер.

— Алматы, “Өлке”, 2006. — 320 бет.

ISBN 9965-742-92-8

*Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Қуаныш Жиенбайдың бұл екі томдық шығармалар жинағы — ұзақ жылғы тынымсыз ізденістің жемісі. Өз тақырыбы, өз қолтаңбасы қалыптасқан оның кез келген дүниесі оқырманын бейжай қалдырған емес; ойландырады, толғандырады, ақыр соңында “біз осы кіміз” дейтін мәңгілік сұраққа бірігіп жауап іздеуге итермелейді. Кейінкерлері де өзіміз күнде көріп, күнде араласып жүрген қарапайым пенделер. Замандас жан-дүниесіндегі арпалысты сезімдер мен психологиялық ахуалды аса дәлдікпен өмірдің өзіндей етіп суреттеу — Қуаныш Жиенбайдың қаламгер ретіндегі алға қойған ең басты кредосы.*

*Мерзімді басылымдарда жарияланған “Даңқ түрмесінің тұтқыны”, “Ай, Бөрібай, Бөрібай!..” атты роман, повестері де әдеби ортада өз бағасын алған. Ал әңгімелерінде біз бастан кешкен осы қоғамның қат-қабат тыныс-тіршілігі қанық бояумен айқын суреттеледі.*

ББК 84 Қаз7-44

Ж  $\frac{4702250201}{00(05)-06}$

ISBN 9965-742-92-8

© Жиенбай Қ., 2006

© “Өлке” баспасы, 2006

# ӘҢГІМЕЛЕР





## ҚАШҚЫН

«Әлгі бар болғыр әлі жоқ. Жеті қараңғы түнде жер жұтып кетті ме?» – дегенді айта жаздап, айта жаздап өзгер дегенде тоқтады. «Төремұратты жер жұтып кетсе жетісерсің!» Бұл кім-ей! Есік сыртынан әлдекім бұқпантайлап келіп, өстіп күбірлегендей ме, немене?! Қорқынышты. Қамыс үйдің төргі бөлмесіндегі екі кісілік тақтай кереуетте жалғыз жатқаны еске түскенде барып, одан бетер дірдектеді. Тоңғаның, әлде жан-дүниесін әлдеқалай әлсіздік билегендігін де анық аңғара алмады. Төңірегі көзге түртсе көргісіз қою қараңғылық. Оу, бүгін не болған бәріне? Түсінсе бұйырмасын. Бұған әдейі қитыққандай бұ нәсі-ау! Мына терезе тұсынан дәл осы мезгілде жаңа туған ай сәулесі қиғаштай түспеуші ме еді. Қиғаштай түскен сол сәуленің өзі ес екен ғой кісіге. Кірпігің ілінбесе ап-ауыр көрпенің астында тұншығып қашанғы жатасың. Оның үстіне құдай көрсетпесін Төремұраттың қорылы қандай! Көшкен үйдің жұртындағы күллі жабайы мысық терезеден бе, мұржадан ба, секіріп түсіп, осы маңды мекендеп алғандай. Және ара-тұра үзіліс «жариялау» деген атымен жоқ, мұныкі әйтеуір, үздік-создық жалғаса беретін бір пәле. Ауыр составты өлермендене өрге сүйреген ескі паровоздай өкіреді.

Оу, жанында бір жастықта бастары түйісіп, сүйікті жары Жұмагүл жатқан жоқ па. Ол да ет пен сүйектен жаралған пенде, темір емес. Ең аяғы шыңыраудан су тартатын гүркілдек моторды да баптайды ғой, майын жаңалайды, суытады, дем алдырады. Со құрлы жоқ па?! Төремұрат түздің шаруасымен алысып жүргенде бұл талтайып, дымнан-дымсыз екі қолын қайда сыйғызарын білмей қарап отырса жөн-ау. Жұмагүлдің де жұмысы бастан асады. Бірақ кімге шағынады. Таңның атысы, күннің батысы әбден діңкелеп шаршағандығын екі аяғы сал болып, төсегіне омақаса құлағанда ғана бір-ақ біледі. Не дерің бар, Төремұратқа қарағанда кісі ғой кәдімгі. Кісі болған соң қолынан келгенінше дұрысырақ өмір сүргісі келеді. Турасын айтқанда анау үлкен құрлықтағы құрбыларыңша күліп-ойнап, көңілді өмір сүргісі келеді. «Төңірегін телгей теңіз қоршаған аралдағыларға не керек, соларды біреу-міреу көріп-біліп жатыр ма... Өз білгендерін істесін де боққа былғанып, жабайы күнкөрістің ауыр қамытын мойынға іліп... өлмегендеріне тәу етіп, жүре берсін түгелер!» Оу,



осылай жосылтуға бола ма, әділдік пе бұлары? Жо-жоқ, шүкір ғой бәріне, Жұмагүлдің де бұрқыраған қуат-күші бойында. Және құрлықтағылардың тамсанып ауыздарының суы құритындай экологиялық кінәратсыз таза жерде тұрып жатыр. Таза ауамен дем алады. Жеген тамақтары да сондай дәмді. Жанға керектінің бәрін Табиғат-ананың мәуелеген бау-бақшасынан үзіп алады.

Мейлі, оларға несіне сөз шығындайды. Ауыз өздерінікі, айта берсін. Әйтеуір, бұларды ағаш атқа теріс міңгізіп, іштерін кептіріп, жамандап жатқан жоқ. Енді кеп, сәл-пәл қызғана ма қалай. Е-е, оны өздерінен көрсін. Барсакелместегі метерологиялық станса көлке дейін қаңырап бос тұрды. Қайсыларыңның барғыларың келеді дегенде бәрінің бастары салбырап, теріс айналған жоқ па еді. Апырай десеңші, баршасының қырық жылғы аурулары қозып-қозып шыға келді. Сөйтіп жүргенде Жұмагүл мен Төремұраттың жұрттан жырылып, Барсакелмес қайдасың деп бір күннің ішінде буынып-түйініп, осылай қарай тартып кетпесі бар ма. Міне, сонан бері осында.

Жұмагүлдің ұзақты күн тірі пендемен тілдесе алмай, ішқұса боп жүретіндігін неге елемейді әлгі соры қайнаған! Әлде оның да бір білгені бар ма? Әйелді айдың-күннің аманында оқ шығармай өстіп, сеспей қатырайын дей ме екен?! Ал сонда Жұмагүлдің орнына жуа еге ме. Жұбайлық өмірлерінде де елтең-селтең түсінбестік болған жоқ... Оу, Жұмагүлге мемлекеттік құпиясының керегі не? Онысын іші жарылып кетпесе Төремұрат-ақ тыңдай берсін. Тіпті: «Мына тұрған Төретамда не боп жатыр өзі, аяқ астынан ала құйын тұрып, мазаны алып бітті ғой, сірә тағы да біреу-міреу ұшқаннан сау ма?» – деп төтелеп сұрақ қойса не дейсің. Бұған керегі төменгі толқындағы әжік-гүжік жаңалықтар. Әлгі қалай еді? Ие, солай... әлдекімнің әйелі ұш бірдей ұл туыпты-мыс. Ол қай ауылдың әйелі, жасы нешеде, күйеуі не істейді, бұл несінші құрсақ көтеруі?... Ал әңгімеге тиек іздеген кісіге себеп табыла кетпес пе. Сөйтіп жатып, Төремұраттың арқасын сипаған боп, өзі де көп ұзамай ұйқыға кетпес пе. Адам-ау, осы да біреуден қызғанатындай бақыт па? Түкке тұрмайтын балдыр-батпақ.

Өз обалы өзіне, ал сонда Төремұрат не істейді дейсің ғой. Жастыққа басы тиісімен қор ете түседі. Содан сол... құлақ түбінен мылтық атсаң да оянбайды. Төңірегін телегей теңіз қоршаған аралда жалғыз-жарым тірлік кешіп жатқаны аздай, енді Төремұраттың адам шошырлық қорылын тыңдау қалып па еді! Ернін аяусыз тістелеп, үн-түнсіз жылағысы келеді. Мынадай сұмдықты бастан кешкенше айлы түнде жалаң аяғымен тысқа жүгіре шығып, басының ауған жағына қарай безіп кеткені жөн шығар. Мейлі, жел қуған қаңбақтай қайда домаласа да көңілі баяғыдай. Әл-дәрмені таусылып, бір бұтаның түбіне барып шалынысып жығылар. Керегінің өзі осы ғой, одан арғысы белгілі. Әбден өз-өзіне келгенше рақаттанып дем алар. Қалай дегенде де абажадай үйдегі Төремұраттың қорылын тыңдаудан жақсы ғой, әйтеуір. Ашу қысқанда Төремұратты жауырын тұстан түйіп кеп жібереді, тізесімен бөкседен нұқып кеп қалады. Апыр-ау, бұл не деген қанылезер! Ыңырсып екінші қапталына аударылады да одан әрі сырнайлата береді.

Басын көтеріп, төңірегіне құлағын салып тың-тыңдады. Азынаған айқай жел Гу-гу. Қамыс қабырғаны құлатып кететіннен бетер. Орама пештің көмейі де гүр-гүр. Суық. Айтқандай, қиғаштай түсетін сол ай сәулесіне не көрінді дәл бүгін? Оу, Төремұрат шырағымның өстіп түнделетіп келіп жүргені жаңа ма, Жұмагүлдің өстіп көз ілмей таң құзетіп шығатыны жаңа ма. Рас, анда-санда мына іргеліктегі Төретам космодромынан спутник ұшады. Соңғы уақытта тіпті қаптап кетті ғой әлгі коммерциялық ұшу деген пәлесі! О...о, баяғыда әрбір спутниктің орбитаға көтерілуі кәдімгідей мерекеге айналатын еді-ау. Қазір дүбірлетпейді, ақшасын төлеңіз де ұша беріңіз. Бірақ сол ұшу сапарының бар ауыртпалығын ту...у айдаладағы Барсакелместің мойнымен көтеріп алатындығы несі-ей, а?! Метерологиялық станса содан әлгі спутник жерге оралғанша дамылсыз жұмыс істейді. Зың-зың. Сан түрлі аппараттар қайдағы бір түсініксіз ырғақпен үздік-создық дыбыс шығарады да жатады. Қобдидай техникалардың қызыл тілдері зыр қағады. Жасағыр-ау, соның бәрін әлгі Төремұрат қайдан үйреніп жүр десеңші! Бір жағынан Төремұратқа таң қалғаны да дұрыс шығар. Әйтсе де есте қалған сол «ескі жараның» орны сыздап аурады осындай жалғыз қалғанда. Үлкен құрлықтағы Төремұрат салған сайранды тек Жұмагүл секілді мықты әйел ғана көтере алар. Хабар-ошарсыз екі-үш күн жоғалып кете баратын еді ғой Төремұрат жарықтық!..

Түрегеліп терезеден аула ішіне көз салғысы келді. Қызық өзі! Жер шарының күллі проблемасын тек сол батыр ғана көтеріп жүргендей, түбіртік ағашқа құйрық қойып, арзан темекісін ұзағырақ сорғыштап ойланып қалатыны да бар кей-кейде. Жағын таянып алып, міз бақпай отыратын әлгі тас мүсінді еркек бар-ау, құдды сол! Айырмасы – ол қатырма кітап беттерінде көп жарияланады, ал Төремұрат қолына кітап ұстамайды. Терезеден үңілсе теріс қараған Төремұраттың қақпақтай жауырынын көрер бәлкім. Ертең жолға шыққалы отырып мұнысы несі? Үйелмелі-сүйелмелі екі ұл интернатта... Ал-ал... айтқызбасқа қоймадыңдар-ау, құдай-ай! Әдейі істеді. Басын кесемісіңдер Жұмагүлдің?! Мейілдеріңіз, өстіп ара-тұра айтып салғаны да дұрыс шығар бір есептен. Ішін босатып алғаны пайдалы бәрінен. Сатқын, жауыз дейсіңдер ме Жұмагүлді?! Мейілдеріңіз, көңілдеріңіздің қалауы солай болса амал не. Түн жамылып айтар шындығы сол, дәп бір балаларын соған бола айырбастап жібергендей. Өлмес қой, Төремұраттың ұлдары әулие ме, өзгелердің де балалары сонда жатып оқиды... Әкелерінің жүріс-тұрысын айта бастаса... Құрысын, құрып кетсін, беті аулақ! Не деп сүйінші сұрайды балаларынан?! Әлгі темір жол бекетіндегі мейрамхана меңгерушісі әкелеріңнің көңілдеріңіз еді дей ме? Есімі кім еді сол бейбақтың?... Осымен мүлде ұмытылып кетсе де дұрыс болар еді-ау! Ту биедей былқылдаған сол пәлекеттің не құдіретінің барын қайдам, әйтеуір Төремұратты ізінен сүмөңдетті де қойды ғой. Төремұрат үшін бір бөлмесін даярлап қойған екен дейді. Дейтіндер табылады ғой мұндайда... Сол бөлмеге кірген бойда бір сиқырлы күш Төремұратты алып ұрады-мыс, ақыл-есінен айырылған

Төрөмұрат соның айтқанына көніп, айдауына жүреді-міс. Қой, қой-ау, мұның соңы жақсылыққа апармас. Сөйтіп жүргенде Жұмагүлдің тілеуін беріп, Барсакелместегі метеорологиялық станса меңгерушісінің орны босай қалмасы бар ма. Бұл жағынан келгенде Жұмагүл де табыссыз емес. Уақыт па, әлде басқадай жағдай себеп пе, әйтеуір Төрөмұраттың үлкен құрлыққа деген көңілі баяғыдай алып-ұшып тұрған жоқ. Иә, сәт. Балаларыңды бір көріп қайтсаңшы деп, осының өзіне өздері көндіргендей. Әлде, Жұмагүлдің алдында әртіс боп ойнағысы келе ме? А...а, не деді-ей, өңшең сатқындықтан тұра ма бұл дүние?!

Уһ, ақыры сыртқы есік сықырлай ашылды-ау. Төрөмұраттан басқа кім болушы еді. Сылбыр шешінді. Қарманып жүріп, ошақ үстіндегі суып қалған қалайы шәйнекті тауып алды. Қылғытып екі-үш мәрте жұтты. Сосын көрпенің бір шетін көтеріп, жанына жайғасты.

– Аманшылық па?

– Солай шығар.

Сонымен әңгіме бітті. Бір қызығы Төрөмұраттың бұл жолы көпке дейін кірпігі ілінбеді. Ара-тұра күрсініп қойып, дел-сал күйде жатты да қойды.

\*\*\*

– Баруын барарсың-ау, ал қашан келесің?– деді Жұмагүл ертеңгі шай үстінде қарап отырмай.

– Келеміз ғой...

– Келетінін білеміз.

– Білсең неге сұрайсың?– Төрөмұрат босаған кесені дастарқан жиегіне сүлөсоқтау төңкере салды.– Дайын ба?

– Нені айтасың?

– Балаларға беретін сәлемдемелерің.

– Тоқтай тұр.— Жұмагүл қалбалақтап ұшып тұрамын дегенде кең етек көйлегінің етегіне шалынысып, етпетінен құлай жаздады.— Әдіре жегір-ай!— Сосын орама пештің артын айналды. Ап-ауыр кенеп дорбаға салғаны сірә, төрт-бес пұтқа татитын болар. «Барсакелместі арқалатын жібергелі жатқаннан сау ма?» Көзінің астымен Жұмагүлдің әрбір қимылын бағып отырып, өткір ұстарамен сақал-мұртын бастырды.

– Әтір сепсеңші...

– Әтір нәмді алған.

– Концертке бара жатқандай сәнденуің жаман.— Жұмагүлдің қолдары дірілдеп, шымшып бұған дорбаның аузын өздері шешті.

– Жіберуін жіберіп алып, айырылып қалмасақ жарағаны.

– Ту...у! – Төрөмұрат қабырғадағы дөңгелек сағатқа назар салды. Қазір поштабай ұшақ келеді. Үлкен құрлықтағылардың сәлемдемелерін асығыс-үсігіс табыстайды да... апыр-ай десеңші, біреу шалғайларына жабысып ұстап қалатындай, дереу аспанға көтеріледі. Көзді ашып-жұмғанша. Жұмагүл Төрөмұратқа тағы қандай

өкпе айтар екен деп қарап тұра ма. Үлгерсең үлгергенің, үлгермесең қою шаңдаққа көміліп, қала бер ендеше! Ұшқыштардың әр минуты қыруар қаржымен есептеледі. «Ан-2»-ны де әке-көкелеп күтіп отырғандар жетерлік.

– Сенен қорқайын дедік қой.

– Не болып қалды?

– Жай...

– Арманда кетерсің, айтарың болса айтып қал.

– Тыңда, бері қара, жайыңа жүрсеңші тілімді қышытпай... Мынау Ақбергенжанға арнап тоқылған түйе жүн күртеше, Шымбергеннің қолғабы мен шұлығын дорбаның түп жағына салдым. Сейсекүл сіңілімнің үйіне де соға сал. Ұстап қалмас. Шиеттей бала-шағасы бар. Көксау күйеуі не қиратып жатыр дейсің. Ең болмаса маңдайлары жіпсіп ыстық сорпа ішсін. Екі-үш қырғауылды соларға берерсің. Интернат тәрбиешісі де Ақбергеннің әкесі қашан келер екен жалаңдап отырған шығар. Шіренбе, балаларың үшін... Бір уыс қоянның еті шіріп те кетеді. Мұғалімдерімен қалай тіл табысасың, ол өз еркің. Мен болдым, білем ғой сені...

– Нені білесің?

– Басың бұлғақтап үлкен жерге барған соң...құдайыңды ұмытып... Шатастырып, бірінікін біріне беріп, күлкіге қалмайық соңынан.

– Болдың ба?

– Болдық, болмағанда...

Төремұрат жылдам киініп, дорбаны дереу иығына салды. Есіктен шығып бара жатып артына бұрылды. Жарты аралда жалғыз қалып бара жатқан Жұмагүлдің жанарынан болар-болмас мұң ұшқынын байқады. «Жаман неме соғысқа аттандырып жатқандай». Оң қолымен қаусырып құшағына қысты. Құлақ түбінен иіскеді. Самайына құлаған селдір шашын добалдай саусағымен кері ысырды. Жүрегінің атқақтап соққанын да анық естіді. Сөйтіп тұрып арқасынан сипады. Белгілі ғой... Мөлдіреген көз жасын көргісі келмеді.

Керзі етіктің тақтай еденге тиген өкше дүрсілі ұзай берді, ұзай берді.

\* \* \*

Омыраулап келген орталығы осы, жүз қаралы шаңырақ. Баяғы өзі оқыған екі қабатты мектеп. Байланыс торабының биік антеннасы. Темір жол бекетіндегі қызыл кірпіштен қаланған обаға қарсы санитарлық мекеменің конторы. Су тартатын мұнара. Үлкен құрлық деп ауыз толтырып айтып жүргенінің сыр-сипаты осындай. Сосын бес-алты дүңгіршіктің басын құраған жайма базар. Ой-хой, атауы да аспан тірейді. «Құс жолы»... Адасқандар осында келіп жол тапсын деді ме екен, әлде өркениетке қол созған тірлігіміз осы ғой деді ме екен, әйтеуір алақандай ауылдың кәрі-жасы ертелі-кеш осында. Түске тақау Түркістан жақтан тоқылдаған шолақ поэз жетеді алқынып.

Ала қапшықтар тізбектеліп, «Құс жолының» темір қақпасына тіреледі. Содан күбір-күбір, жыбыр-жыбыр. Базар бастығы Төремұраттың түйедей құрдасы—Тойбазар. Ілгеріде аяғын маңғаздана басатын салмақты жігіт секілді еді. Қазір бір түрлі... көздері ойнақшып, иығы селкілдеп, бір орында байыз тауып тұра алмайды. Пайдаға құнқыты ма, өмір сүрудің оңай жолын дәл тапты ма... баяғыдағы бос селтенбай жүрістен мүлдем бас тартқан. Қанша жерден іші жек көрсе де Тойбазардың аты—Тойбазар. Өзге шуылдақтарға қарағанда мұның құрығанда сөзі түзу. Төремұратты да сыртқа теппейді. Ұтырлы ұсыныс білдіреді. «Бес-алты аңның бағалы терісін әкеліп таста, өткізу жағын өзіме қалдыр, пайдасы екеуімізге де молынан жетеді»... Апырай, адам деген қалай өзгереді-ей, а?! Осы ауылдағы өзі тұрғылас «иттермен» бірге оқыған жоқ па еді. Бір партада отырған, бірге шомылған. Қазір баяғыдай емес, сағына алмайсың бір түрлі. Тіпті бар-ау, солардың аянышты, сұраншақ, мүләйімсіген жүздерін көргісі де келмейді. Жалыққан. Кейіне де, бүгін де, ертең де солай. Бәз-баяғысы. Қылдай өтірігі болса төбесін көрмесін.

Қазір олар Төремұратты көреді де өлген әкелері тіріліп келгендей, бірден бас салады. Амандық-саулықты жүре сұрағансып, темір жол бекетіндегі мейрамханаға қарай еріксіз сүйрелейді. Олардың түсінігінде Төремұрат шылқыған бай. Тапқан таянғанын қайда шашарын білмей жүрген әпенді. Барсакелместе бәрі тегін. Қол созуға ерінбесең қорықтағының бәрі сенікі. Несін айтатыны бар, Төремұраттың тіршілігі тамаша. Жылы-жұмсағы жанында. Қырғауыл-қоянды тұзақпен-ақ ұстап алады. Аралда тұрып қанша мал ұстаймын десең де еркің. Санақ жүрмейді. Ой, дүние-ай, өз аяғымен жайылған малдың бал татитын етін айтсаңшы! Өсімге жіберсең төрт-бес жылдың ішінде-ақ жылқың – үйрге, түйең – келеге айналып шыға келеді. Жыртылып айырылатын жабайы қабаның екі бастан. Әскери зонаның орыс офицерлеріне одан артық «соғымның» керегі жоқ. Сұрағаныңды санап алақаныңа салады. Міне, Төремұрат енді не істейді, мына секілді «жарлы-жақыбайларға» «құдайы» бермей ме ең болмаса! Үлкен құрлықтағы тірлігіңнің ішін ұрайын! Азын-аулақ мекемелер жекешенің қолына көшкен. Тіпті, көмір баздың қара жұмысшылығыны да «конкурстық тәсілмен» қабылдайтын болған соң несін сұрайсың! Көбі жұмыссыз. Тиіп-қашып «Құс жолында» сауда жасайтын әйелдеріне көмектескен болады. Солардың арбаларын сүйрелейді. Одан қалды бала баады.

Әх, несін айтасың, жолы болғыш екен Төремұраттың. Үлкен құрлықта жүріп не тыңдырып еді бұл Төремұрат. Байланыс техникумін бітіргеннен басқа не істеді. Жұмыс таба алмай біраз жүрді. Спорт мектебіне уақытша орналысып, жаттықтырушы болды. Қазір ол да жабылған. Сірә, екі иығын жұлып жеген спортшы шыға қоймас деген болар бұл ауылдан. Ал Төремұрат әулие ме бұлардан? Пішту!.. Қайда барады, базар жағалар еді түптің түбінде. Түркістаннан келетін тоқылдақ поезды күтер еді сарсылып. Түркістанның саудагерлері

қандай! Ақшаның татын жалаған өңшең қу. Зіп-зілдей ала қапшықтың астында омыртқаң күтірлеп, өзгер жылжып бара жатқаның көк тиын оларға. Ауыз жарымайтын ақы-пұлының өзін өзгер береді ғой ит жыныңды тырыстырып. Төремұрат қазір ол бейнеттен ақи-тақи құтылған. Аздап болса да оқығанның аты— оқыған-ау. Болашағын болжай білді. Көкір-шүкірге пысқырып та қарамады. Әне, енді сөйлес мықты болсаң Төремұратпен!... Бір кезде бекеттегі шағын мейірамхана бал арасының ұясына айналып үлгерер. Жо-жоқ, қателеседі мына бар болғырлар! Төремұраттың да ішқұса боп осындай отырысты аңсап жүретіні көні! Рас, мұнан қалтасы ортайып қалмас. «Жарлы-жақыбайларды» бір тойдырсын, құдайдан қайтар ең болмаса! Әкең әкең әкеле бер! Даяшылар зыр жүгіреді. Уақыт қанша болды екен... Қалғып-мүлгіген Төремұрат Барсакелместегі дәл осы уақыт аралығындағы бастан кешетін тіршілігін еріксіз есіне алады. Метерологиялық стансаның төменгі толқынындағы «дүрбелеңге» бір тыным болсайшы...

— Ал-ло, ия, ия... айта беріңіз, Барсакелмес тыңдап тұр.— Төремұраттың да рация ұршығынан алақаны бір босамайды.

— Барсакелмес төңірегіндегі желдің жылдамдығын тез-тез хабарлап жіберіңіз?

Ал хабарлады, ал содан шыққан мүйіздерің қайсы? Өй, өңшең қырт! Иә, атмосфераны дар-дар айырып жатқан спутник Барсакелместегі желдің қай бағыттан соғатындығына қарап қалған екен ғой. Барсакелместің бет қаратпайтын дауылы спутникті бағыттан тайдырып жібереді екен ғой.

Алғашқыда Төремұрат та жаңа түскен келіндей. Сызылып тұратын. Үлкен құрлықтың тапсырмасын тап-тұйнақтай орындайтын. Барсакелместің ауа-райын әлдекім қағыс естіп жүрмесін түге деп, үсті-үстіне хабарлайтындығына күйінеді ғой кейіннен. Бекер, уақыт өлтіру, басы артық тіршілік. Кейде әдейі қитығады:

— ...Хабарлаңыз, болыңыз, тездетіңіз.

— Қабылдаңыз, дүлей дауыл! Тайфун!

— Не?!

— Тайфун!

— Теріскейден деймісіз?..

— Құлағың керең болсын, сволш! Цунами!..

— Жақсы, қабылдадым, сау тұрыңыз...

Рация күңгір-күңгір. Сөйтіп салы суға кетіп, айлы түнде үйіне қарай аяңдай басып келе жарар еді. Кеңет төңірегі сүттей ақ сәулеге оранады. Жарық болғанда да мұның жөні бөлек-ті. Жағалаудағы қайықтар, қорықшылардың жапырайған тамдары да аяқ астынан зорайып кеткендей-ді. Өзін-өзі қинап болса да алдарқатқысы келеді. Күре жолдан қиыс бұрылып, жоңышқалық табанындағы сортаң алқапқа түседі. Оу, дыбыстан жылдам ұшатын спутник Төремұраттың бүйтіп ырғалып-жырғалуын күтіп тұра ма, жалт етеді де жоғалады. Артынша қою қараңғылық айбат шегеді. Түк болмағандай. Атмосфераның бір қабат терісі Төремұраттың көз алдында сыдырылып түседі. Бәрі-бәрі, бөз-баяғыша... миығынан күледі, ащы

мысқылмен күледі. Өзін бе, өзгелерді ме, әйтеуір біреулерді мазақ қылғандай. Пах, әлемдік ұлы жаңалықты өз қолымен жайғарып салған Төремұраттың тұрысына болайын-ай! Рас, әйтеуір иненің жасуындай болса да Төремұрат ауа райын дер кезінде хабарлап үлгерді ғой. Неткен қарама-қайшылыққа толы мына дүние?! Жер шарындағы сансыз нүктелер Барсакелместің іргесінде болған ұлы жаңалықты сан тілде бір-бірлеріне жанұшыра хабарласып жатады. Біреулер таң қалып таңдайларын қағар. Ал Төремұрат... сол спутнигіңді атмосферадан әрі асырып жіберген Төремұрат әлемдік жаңалығыңды ұрып қойып, түк болмағандай жоңышқалықтың жүйесін бойлай, үйіне қарай қайтып келе жатады...

Әкең әкең аяма! Төремұрат ақын ағасы айтқандай, бар жиған-тергенін бір тамаша той үшін шашып-төгетін адам. Бірде... әлдекім сүйретіле орнынан тұрып, ерекше екпінмен тост көтереді: «Тыңдаңдар, тыңдаңдар жолдастар, біз бір нәрсені әрі негізгі нәрсені ұмыттық. Ұмытпауымыз керек еді. Өзімізше, бүгін бәріміз де мықтымыз. Ал ертең... бұйырса ертеңі күні де Төремұрат әңкі-тәңкі басымызды жазып берер. Әттең... осы бір рабайда кездесетін сайранды сапарамыздың сыбағасын берер-ау біздің әйелдер! Яғни, үлкен құрлықтың түсінігі мол әйелдері... Жо-жоқ, әйелдің көкесі Жұмагүл ғой! «Айналайын, Төремұрат, үлкен құрлыққа барып, мауқыңды басып келе ғой» дейді. Дейді де бар тапқанын қалтасына басып, Төремұратты «Ан-2»-ға миңгізеді де жібереді. Ура, Жұмагүлдiң денсаулығы үшін алайық! Жұмагүл, Жұмагүл!..»

Төремұрат та селк етіп ұйқысынан оянып кеткендей. Думанды топтан жырылып, терезе алдына жақындайды. Шылым шегеді. Апырай, жауырын тұста көзі бар ма Төремұраттың?! Айтқаны айдай келді. Келесі терезенің артқы пердесін қалқалап, Төремұраттың әрбір қимылынан көз алмай Бағлан, Бағлан сұлу қарап тұр: «Жеткен екен ғой сайыпқыраным, Төремұраттың тырнағына тати ма мына өңшең шуылдақ?! Ойлап тапқан әрекеттерін қарашы-ей! Жалған-ай, жағымпаздықтың мұнан өткен сорақысы болар ма! «Ура, Жұмагүл дейтін данышпан үшін! Ура!» Атаңның басы! Жә-жә, Төремұратты Бағланнан айырып, көзін көкшитіп, жалғыз аралға апарып қамап қойдым дейді ғой әлгі жаман қатын! Зымияндығына найза бойламас. «Араға уақыт түседі, көңіл суынады, ақыры Төремұрат та жынынан айырылған бақсы құсап, еркекке емес телпекке айналады. Тірі болсам солай істеймін»... Аха-ха-ха! Ал мына бейшаралар сол үшін тост көтереді!...

Терезенің пердесі қайта жабылады. «Төремұрат менікі! Мына бейпіл ауыздардың арасына тастап, алтын басты азаматты қор қылуға болмайды. Бүгінгі түн, ендігі қалған уақыт Төремұрат екеуміздікі!» Жалаңдаған екі милиционер жетіп келіп, ауыл азаматтарын «тәртіпке» шақырады. Жүруге жарайтындарын әке-көкелеп, үйлеріне қайтарады. Мастарын үш доңғалақты мотоциклдің қоржынына салып, ылдым-жылдым көздерін құртады. Мейрамхана меңгерушісінің жеке бөлмесіндегі көмескі жарық тез өшеді де, күзетші шал сыртынан бекітіп, кілтті есік қайрылысына іліп кетеді.

Балаларын искеп мауқын басты. Интернат басшысының қолтығына қырғауылдың кептірілген екі қоразын қыстырып жіберіп еді, алпысты алқымдаған қартаң кісінің көздері күлім қақты: «Сырласыңдар, әңгімелесіңдер. «Ан-2» енді екі күннен кейін ұшады ғой аралға, — деп асхана жанындағы бір кішілеу бөлмені басы бүтін босаттырып берді. — Тамақты балалармен бірге ішесіз... Ой-ой, рақмет, жарықтық қырғауыл көрмегелі қай заман!»

Жұмагүлдің сиңілісінің үйіне де тездетіп кіріп шықты. Мейлі, «Құс жолы» болмақ түгілі, тағы бір әулие болса да бұл жолы базар маңына жолағысы келмеді. Тұтастарының тұзы татымсыз әжік-гүжік әңгімелеріне әбден кеңірдектеген. Естігісі жоқ. «Тым ұсақталып кеткендері несі бар болғырлардың?!»

Тартылған теңіз жағалауына тартты. Қаңқиған кемелердің саутамдығы қалмапты. Металл сынықтарын жинағыштар мұндай «қазынаны» құм астында шірітіп қоя ма. Кез келген тұстан кесіп алған. Қап, енді төменгі сынып оқушыларын мектеп басшылары қайдағы экскурсияға алып барар екен. «Аспан астындағы музей экспонаттары» күл-талқан. Тарих пәнінен дәріс беретін жас мұғаліманың сыңғырлаған дауысы да құмығып естілгендей болды бұл жолы. «Біздің жағада... біздің жағада осындай алып кемелер болған...» Балық зауытының орнында үйінді ғана жатыр. Ерте, ерте, ерте деп өзек талдыратындай ертегі болса бір жөн-ау!.. Кеше ғана. Еңбек сабағын түп-түгел осында өткізетін Төремұраттар. Танауы құп-құрғақ. Қайдағы балық... әлде бір қара майдың көңірсіген ісінен жүрегі айныды.

Құм төбенің арғы басын айналды. Түркістанды бетке алған тоқылдақ шолақ поездың жүлқынуын! Әлде көзіне солай еселестеді ме. Кіршеңдеу терезелері батар күннің солғын сәулесіне шағылысты. Айнала құлаққа ұрған танадай. Екі жүз аттық күші бар көгілдір тепловоз екі вагонды алға сүйрегендігіне кәдімгі қыр көрсеткенсіп, күркіреп бір сигнал берді де көзден тасаланды. Өлі тыныштық, қайда сол таныс суреттер?! Алыс сапарлардан асығып жететін балықшы кемелердің жатыстары мынау жаралы жолбарыстай «қансырап». Арлы-берлі кеме жүріп тұрса күллі шаруасынан қалып, Төремұрат бүйтіп енді екі күннен соң ұшатын «Ан-2»-ны күтіп, шерменде болып жүрер ме. Мана балаларына қандай уәде беріп еді. Анық есінде жоқ. Қыдыртамын деді-ау, сірә?! Қайда? Әйтеуір, ауызға түскені осы болды.

Темір жол бекетіне неге қарағыштай береді соры қайнаған?! Бір тілсіз құмарлық солай қарай магнитше тартады-ай! Кешті батыра алмай діңкеледі ақыр соңында. Киіп-жарып, аядай дәмханаға қалай жетіп барарсың. Дап-дардай азамат. Ұят-ау, бір түрлі! Ал құрып кеткір Бағланның несін сұрайсың. Жанымдағылардан ыңғайсыз болар деп ойламайды. Бірден құшағын аша жүгіреді. Сүйеді қадалып. Зарыққан демі бет шарпиды. Тырсиған төсімен жүрегінді түйгіштейді. Сөйтіп көкір-шүкірден тап-таза сезіміңді ажыратып алады. Күйіп-жанған



оттың ішіне түсесің де ес-түсіңнен айырылып, төңірегіндегі топас дүниені ұмытып, батып шығып, батып шығып... кете барасың... Құдірет-ай! Ал қалай, осыған оңтайлы жауап таба алмай-ақ қойды Төремұрат. Жасап жүргені қылмыс па?.. Сүйген жардың көзіне шөп салу... Өзін айыптағысы келсе тура асылуға бара жатқандай дар ағашының жанына жақындап қалады. Бірақ не қызық қалды мына дүниеде?! Осыған тірелгенде өзін-өзі арашалап алуы да оп-оңай. Жасыра алмайды, жақсы көреді Бағланды. Әрине, Жұмагүлден кейін... Ой-ой, Жұмагүлге адам жете ме?!..

Дәмхананың қоңыр пердесі дір ете қалды. Бағланның түйсігі бар-ау, сұмдық!

– Білгенмін келетіндігіңді!..

– Қайдан?

– Неге сұрайсың? Үнемі сұрайсың. Оны сұрай ма екен кісі деген!.. Жаным-ай! – Көптеп ерінді жұлып ала жаздайды. От қой Бағлан! Зарыққан демі күйдіріп өлтірер.

– Шыдасаңшы, жұрт тарасын.

– Жұрт... таратпасаң тарай ма!

Апыр-топыр. Даяшылар аяқтарының ұшынан басып, бір-бірлеп сыртқа беттеді. Күзетші шал сырттан бекітіп, кілтті есік қайырылысына іліп кетті.

– Жаным, тірісің бе?!

– Көріп тұрған жоқсың ба.

– Неге сұрайсың. Үнемі сұрайсың. Сенікі не қылған таусылмайтын сұрақ? Ондайды сұрай ма екен кісі деген...

Жұмсақ диван күмп-күмп. Үзіліп кетердей тұншығып естіледі Бағланның ыңырысқан дауысы. Төремұраттың күс-күс алақанымен алма төсін сипатады. Қаттырақ қысқанын тәуір көреді. Ах, уһ!..

– Сен болмасаң өмір маған көк тиын.

– Қойшы...

– Шыным. Өліп кетемін керек болса, тек сен үшін.

– Өлме, өліп қайтесің, сен өлсең мына мейрамхананың нәлөгін кім төлейді?

– Сенің осы...сұрақты көп беретінің-ай! Айлығы шайлығына жетпейтін мұғалім құсап...

– Қойдық...

– Сөйтіп... міне, былай...

Жұмсақ диван күмп-күмп.

– Біздегі әйелдер бар-ау, шетінен ақымақ.

– Не болып қалды?

– Әлгі кім еді?.. Американский актер ше...секссимвол дей ме?..

– Шварцнегер ме?

– Жоқ ойбай, әкім болған соң оныкі түгесілді ғой...

– Енді кім?

– Саған ұқсайтыны ше... Мұрынды.

– Ә-ә, Ридчард Гирді айтамысың?

– Соң соның өзі... Сенің жаныңда садаға кетсін...Ридчард Гирі...

Жаным-ай! Аяма, сала бер салмағыңды... Өлтір, өлейін сенің салмағыңа тұншығып...

Төрәмұраттың көзі ілінісіп кеткен екен. Бекетке тоқтаған тауарный поездың мәшинесі әлдекімді дауыстап шақырды. Соның артынша алқын-жұлқын тағы бір жүрдек поез жүйткіп өтті. Қас қылғанда: «Сендер мұнда не істеп жатырсыңдар осы?!» дегендей прожекторлардың бәрі терезе әйнегіне бір сүйкеніп өтеді екен де. Қанша жерден пердемен бүркемеленсе де ашық-тесік жатқандарды сол сәулелер ілкі сәтте іздеп тауып алады.

– Өмір тамаша ғой!—деді Бағлан. Сөйтті де Төрәмұраттың қолтығына кіре түсті.—Тағы да бос келдің бе?

– Не?!... Тағы да бос келдің бесі қалай?

– Соны да сұрай ма екен кісі деген... Тегін жатқан дүние бар ма. Ал сен... келесің, кетесің түк болмағандай бар шаруанды бітіріп алып... Ең болмаса сағатпен де есептескен емеспіз. Сол қаладағыдай... жетті ғой біздің ауылға да сағатпен есептесетін пәлесі!.. Рас айтам, тегін дүниенің қызығы болмайды екен бір түрлі.

– Сезім, махаббат, сүйіспеншілік ше?!..

– Тух!.. Соны да сұрай ма екен кісі деген. Әлгілеріңді жоғарғы сыныптың бойжеткендері де сирек айтатын шығар...

Төрәмұраттың тұла бойын мұз қарығандай. Дір-дір... Самсоз күйде ұзақ жатты. Тесіліп төбеге қарады. Бөтен шаңырақ. Бағланның асты-үстіне түсіп, аймалағандығын да керек қылмады. Ұшып түрегелді. Қарманып керзі етігін тауып алды. Есік сырттан құлыпталған екен. Мейлі, пердені былайырақ ысырып, сыртқа қарай ашылатын терезенің ілмегін кері ысырды. «Бәсе, Төрәмұрат тақтадай тегіс жолға қайтіп түсе қалды деп ем-ау!—Ішінен күбірледі.— Бітті барлығы... Осымен тамам!».

Қараңғы түнде жан ұшыра жүгіріп келеді. Орталыққа бұрылмастан Барсакелместің өкпе тұсындағы жарқабаққа қарай тартты. Сол жерде әлдекімдердің құс аулауға мінетін кішкене қайықтары тұратын. Соған жеткенше асықты. Артына қарамады. Енді қарамас...



## ӨГЕЙ

Қойшы-ей, шынымен солай ма?! Біреулер Мөңкебайды да іздейді екен-ау, ә?! О-о, іздегенде қандай! Іздегенде де кәдімгідей, ауыздарын толтырып-толтырып бұйымтайларын айтады. «Сіз қайда жоғалып кеттіңіз?» – дегенді де ара-арасына әдемілеп қиюластырады. Бәрінен бұрын: «Сіздің орныңыз ол жақта да үңірейіп тұр-р», – деп ет-бауырыңды елжіреткенде бар ма, кісі бұған әзер шыдайды екен ит жегір! Көзінен бір-екі тамшының қалай ытқып шыққандығын өзі де аңғармайды. Саусақтары дірілдейді. Арлы-берлі жұтқыншағы жыбырлайды. Телефон трубкасын орнына қойып жатып: «Қап, әттеген-ай!» – деп бармағын тістелейді. Әлгі мың болғырдың аты-жөнін жазып алсашы! Сірә, көрген-түйгені мол білем, Мөңкебайдың да хал-жағдайын сұрап біраз орағытты. Бүгінгі жастар үлкенмен қалай тіл табысудың ретін таппай қиналады ғой, сөйтіп өзін де, өзгені де әуре-сарсаңға салады. Ал әлгінікі жібектей есіліп тұр. Көптен бері мұндай оқиғаға тап болмаған сорлы басы не айтарын білмей әбден сасқалақтады. Түкке түсінсе бұйырмасын, сол тұста жүрегі түскірінің атқақтап, тура аузына тығылғаны. Айтатыны жоқ, әлемтапырық күй кешті. Мөңкебайды сырттай бақылап тұрған біреу болса «ақсақалдың мұнысы несі» деп миығынан күлер еді. Күлетіндей-ақ жағдай. Жаңағы төтенше шақыруды біреу естіп тұрғандай, не болмаса Мөңкебайды біреу сонау жер түбіне жібермей қоятындай барыншы сыбырлап сөйлеп, емен есіктері жабық тұрған ұлы мен келіні жатқан түпкі бөлмеге жалтақ-жалтақ қарай бергені несі, жазған-ау?! Бүгін демалыс, ұйықтасын, олардың ұйқыларын бұзатындай соншалық кім еді Мөңкебай?! Немерелеріне де кесірін тигізбес. Кейде жексенбіден шатасып, үлкендерін байқамай оятып алатына бар-ды.

Қалай дегенде де бүгінгі шаруаның оңтайынан келе қалғандығына қуанды. Бәрінен бұрын телефон трубкасын өзінің көтере қойғандығын айтсаңшы! «Сендер байқаңдар, Мөңкебай тірі тұрса әлі талай жерге барады», – деп ішінен бір мырс етті. Көңілі енді орнына түсті. Өкінетіндей де түгі жоқ. Бір жеті дегеніңіз өтіп болатын уақыт па, әлі де талай хабарласар.

Қоқыс салған қытайы ала қалтаны алып, сыртқа беттеді. Беттегенін қайтейің асып-сасып жүріп кілтті де ұмытып кете жаздапты.

Ұзын баулы бір бума кілт ылғи киім ілгіште ілулі тұратын. Ал соны жадынан шығарып алса қайт дейсің?! Мә, безгелдек, ендігі көрмегені осы еді. Бұл адамды алжастырайын десе қапелімде-ау, күніне мыңсан мәрте кіріп-шығып жүрген жерге біреу әдейілеп Мөңкебай тайып жығылсын деп, жылтырақ еденнің бетіне су сеуіп қойды ма. Аяғы-аяғына шалынысып, омақаса құлайтын-ақ тұсы еді, бірақ абыройы бар екен, тізесін оңдырмай соғып алғандығы болмаса өзгесі дін аман.

Қайда және неге асығатындығын өзі де анық аңғара алмады. Әйтеуір бүгін бір түрлі. Жеп-жеңіл керек десеңіз қанат байлап ұшуға да қайлы. Күнде жоғары-төмен зырлап тұрған лифтісі түскірге бүгін бір пәле көрінді ме, токтан ажырап қалды ма, әлде тоғыз қабатты үйге біреулер көшіп келіп жатыр ма? Күтуге шыдамы жетпеді. Темір қаңылтырын бір тепкісі келіп тұрды да, жасының егде тартып қалғандығы енді еске түскендей, цемент басқышпен төмен құлдилады. Адам-ау, ата сақалы аузына түскен үлкен кісінің бүйтіп жеңілтектікке салынғаны ұят емес пе. Кең қолтық көйлегінің етегі көтеріліп басылып, кәдімгі ұшатын құс қанатына ұқсады. Бұрындары алтыншы қабаттың өзі әжептәуір алыс-ты. Қаракөлеңкелеу тұсты аңғармай қалды ма, әлде әдейі істеді ме, жоғары көтеріліп келе жатқан әлдекімдерді иықтан қағып өтті.

– Абайлаңыз, көкесі?!

– А...а, кешір, айналайын...

Бір жағынан осынысы дұрыс. Әлгі сегізінші қабатта тұратын бұжырбет семіз қара. Әукесі салбыраған дәу төбет ертіп жүруші еді ылғи да. Үрен-сүренін танымаса да сырттай кіржиіп, кірпідей жиырылатын. Бүгінгі тіршілігіне бүтіндей риза. Тіл-көзден сақтасын, бәрі де орын-орнымен дөңгеленіп келе жатыр. Иесінің үстіне шыбын қондырмайтын әукесі сабыраған дәу төбетпен кезіктірмегеніне шүкір. Қасындағысы әйелі ме, танысы ма, Мөңкебайдың оған бола басының іскені не. Қаңғыр-гүңгір:

– Мына шал қайтеді-ей, бір нәрсе жұтып алғаннан сау ма?

– Кім білсін.

– Танимысың?

– Алдабергеннің әкесі ғой.

– Алдабергенің кім еді?

– Ой... анау, алтыншыда тұратын мұғалім ше? Тарих пәнінен сабақ береді. Шікірейіп қалған біреу.

– Мейлі, әкесі жігіт секілді ғой, жүдә?!

– Балықшы, өмір бойы теңіз жағасында өскен, шыныққан.

– Жүгірісін... ал біз?

«Ертеңнен қара кешке дейін ауыздарын тамақтан босамаса, семірмей қайтеңдер!»

Тысқа жүгіріп шықты. Жоқ, бәрі аман екен әзірге. Кейде қоқыс тиейтін мәшиненің бұл үйден шығамын дегенше көшенің ана басын айналып, тоңқаңдап кетіп бара жататыны бар. Үш жылдан бергі мықтап айналысатын жалғыз ғана шаруасы – қоқыс шығару. Таңдап алған екенсің, енді мінсіз орында. Темір жәшіктің төңірегінен мойнын созып әлдекімдерді іздейді. Сеткідегі бос бөтелкелерді тастай салуға

көзі қимайды. Көзі қимай ма, әлде біреулерге болысқысы келгені ме, жан баласын көре алмаған соң онысын іргелікке қаз-қатар қойып, дереу келген ізімен кері бұрылды.

Әй, өзінен де бар. Ал оқтау жұтқандай сіресіп жүрген қалай екен? Бұрын-соңды көрші-қолаңмен емен-жарқын әңгімелесіп, араласып тұрса, бүйте ме. Шырағым-ау, әлгі қуанышты хабар жайлы бір пендемен сыр бөлісе алмау деген не сұмдық?! Ішке сыя ма, ұмытып не ұмыттырып жіберетіндей ол жүрдім-бардым жаңалық болса бір сәрі ғой. Міне, ғажап! Ал бұған не дейсіз?! Білсеңіз, баяғы озат балықшы Мөңкебай Сәрсенбайұлын сонау Арал өңіріндегі жағалаулық жерлестері әлі күнге дейін ұмытпапты. Әлі күнге дейін Мөңкебайдың есімін қадір тұтыпты. Оу, мұнан артық құрмет бола ма кісіге?! Қарашы-ей, әдейілеп телефон соғады. Және әдресінен жаңылмайды. Яғни, Мөңкебайдың есепте тұратын болғаны ғой, біреулердің іздеп жүретін болғаны ғой. Ал мына дүниеде із-түзсіз жоғалып кететіндер қаншама. Жоқ, Мөңкебай олардың сортынан емес екен.

Және жай іздеп қойса бір жөн ғой. Шақыру болғанда қандай! Арал теңізіндегі Көкарал бөгеті құрылысының сәтті аяқталуына байланысты салтанатқа қатысыңыз деп, аудан орталығына әдейілеп шақырады. Ал керек болса! Күн сайын Көкарал бөгетінің құрылысы не болып жатыр екен деп, теледидардың алдын бермейтін Мөңкебай бір жұмадан соң сол кереметті өз көзімен көріп қайтпақшы. Көкарал бөгетінің не үшін салынып жатқандығы жалпақ жұртқа белгілі. Үкімет Кіші Аралды сақтап қалайық деп ірілік танытқан. Кіші Арал – Мөңкебайдың күллі ғұмыры. Оның бүге-шүгесін жіліктей бастаса шашының түгі жетпес. Ой...й, несін айтатыны бар, Мөңкебайдың теңіз жағалауындағы өмірі бір бөлек те, қалаға көшіп келгендегісі бір бөлек. Таразыға салсаң теңеспейді. Неге теңеспейтіндігі жұмбақ. Ондайда жел шайқаған айдын бетіндей Мөңкебайдың көңілі де астаң-кестең, әлемтапырық күйге түседі. Бірде күңіренеді, бірде шағаладай шалықтайды. Айналып келгенде сол ойлардың бәрінен Мөңкебай қашып құтыла алмайды бәрібір. Бәрін үнсіз қабылдайды. Үнсіз қабылдамағанда қайда барады. Жер басып жүрген пенденің бәрі сол. Әркім маңдайға жазғанын көреді-дағы. Осы шүкіршілік, осы кісілік көп пенденің бойынан іздегенде табыла қоймайды. Сосын ғой, қайдағы жоқ пәлені тілеп алатыны, жөн-жосықсыз бастарын тау-тасқа ұратыны.

Бүгін төңірегіне де басқаша, мүлдем басқаша көзқараспен үңілгісі келді. Бірақ аяқ астынан не өзгере қойсын, баяғы өмір-ағыс. Баяғы күйбең тіршілік. Жұрт Мөңкебай секілді туған елден шақыру алып жатыр ғой деймісің! Мөңкебайлар ілуде біреу, немесе жалғыз!.. Күліп жіберді. Сәл артықтау кеткендігін өзі де сезе қойды, дегенмен ептеп көңіл көтеруі керек қой мұның да. Ән салғысы келді, құлағына шағала шаңқылы талып естілді. Ой дегеніңіз ұшан-теңіз. Түк те таң қалатындығы жоқ, кешегі Мөңкебай мен бүгінгі Мөңкебайдың айырмасы жер мен көктей. Ара-тұра немерелеріне ілесіп лифтсіне сүйретіліп мінетін кешегі Мөңкебай бүгін алтыншы қабатыңды пішту

деместен ортекедей орғып өткен жоқ па, қазір де дем алмастан жаяу көтеріледі. Көрсін көршілері Мөңкебайдың кім екендігін.

– Бүгін немене, сол жамбасыңнан тұрғанбысың?—деп қағыта сөйледі дүкеннен келе жатқан жуан сары орыс кемпір көршісі. Мөңкебай өзін-өзі қинап күлді:

– Бері кел, ақылдасатын шаруа бар,—деп былайырақ ысырылып, жанынан орын ұсынды.

– Ал?..

– Сен қалай қарайсың, Аралға жүргелі жатырмын. Кәделеп шақыру жіберіпті.

– А...а, – деп кәдімгідей таңданыс білдірді, – Аралға?!..

– Иә, Аралға!.. Немене бұрын-соңды Арал дегенді естімеп пе едің?

– Естуін естідік қой, бірақ Арал тартылып қалғалы қай заман.

– Тек! Ой, жағыңа жылан жұмыртқалағыр неме! Аузыңа жөнді сөз де түспейді-ау сен сайқалдың!

– Әй...әй, байқа, бүгін тіпті төбемізді оятын түрің бар ғой.

– Енді ... сен де жас емессің, сапар оң болсын, шақырған екен барып қайт десең, немене аузың қисайып қала ма, тағыңнан түсемісің?!

– Ой-бой, сен шындап барасың ғой, жүдә. Оған шамамызды келтіріп жатсың ба...Қоя тұр, талай сөзді естірсің тірі тұрсаң...

– Өлсең өзің өле бер, біз әлі қай-да! – деп тұмсығымен аспан тіреді. Мөңкебайдың тұмсығымен аспан тірегені— алтыншы қабаттың балконына назар жықты. Үйдегілер ұйқыларынан оянса, мына «кескен томармен» мылжыңдасып қайтеді. Әңгімелерінің үйлеспейтін сыңайы бар. Үйлеспейтіндігі – Аралды білмейді, теңіз жайлы түсінігі су қараңды. Кіші Арал туралы екібастан. Жастары шамалас. Оның үстіне Алдабергенмен түйедей құрдас мұның да жалғыз ұлы бар. Ара-тұра әке-шешеміздің басын қосайық, екі жарты бір бүтін болсын, сосын туысқан боп шыға келмейміз бе деп те қалжыңдасып қоятын көрінеді. Ал сызылып тұрған «қалыңдықтың» түрі мынау. Шылым шегеді, күркүлдеп жөтеледі. Сонысына қарамай Мөңкебайды мұқатқанда да пәледей: «Мөң-ке, мөңкеңіз әлгі сазанның шылауына жетпейтін қылағай ғой».

– Арал тартылып қалды деуге қалай дәтің барды, пәтшағар-ау! – деп көршісінің жүзіне кәдімгідей ашулы кейіппен үңіледі Мөңкебай. – Тасташы, мына пәленді түтіндетпей!

– Маған үйленсең көретінің осы.

– Тоқтай тұр!

– Тоқтамаған да қайда барамын.

– Міне, мұның жөн. Алдымен Аралға барып келейін.

– Мені де ала кетсеңші.

– Сені... сендей үрген қарынды Арал қайтушы еді. Аралға мына біз секілді сыптай жігіттер керек.

– Жігіт! Пах!

– Қой, үйге барайын. Сен мені түсінбеуге қарадың.

– Тоқта, тоқта деймін, Мөңке, Мөңке...

– Өстіп, мәңгіреп қалғаның қалған...

Ұшып түрегелді. Дені-қарны сап-сау. Лифтісін ұрып қойыпты. Құдай төтеннен қуат сыйлаған екен, ендеше көрсін сол рақаттың қызығын. Цемент басқышпен жоғары өрледі. Артына бұрылып қарағысы да келмеді. «Алдымен Аралға бір жетіп алайын». Көкірегі күбір-күбір. Әлде бір құдіреттің күші Мөңкебайды еркінен тыс сөйлетіп тұрғандай: «Қайтып келемін бе, келмеймін бе, ол жағын бір Алла біледі». Оу, бұл қайдан тап болған батылдық? Күректей алақанымен жүрек тұсын сипалады, трактордай дүңкілдеп соғып тұр. Әлгісі не сандырақ? Бұрын-соңды ойға оралмаған тосын, жүдә тосын пікір. Дегенмен жаттығы жоқ, жылы. Жоғары қарай біреу артынан итеріп келе жатқандай. Алқынатын түрі байқалмайды әрі жігерлі.

Ауызүйдегі ертеңгілік шай әдеттегідей үнсіз ішілді. Алдабергеннің үйреніскен дағдысы сол, бір бума газетті алдына өңгеріп алып, шұқшиып оқып отырмаса ішіне ас батпайды. Соқыр кісіше кейде қарманып, үстөл үстіндегі кесесін де әзер табады. Дастарқаннан бөлектеніп, өзімен-өзі болған бұл сорыңды ұрайынға не дерсің! Арлы-берлі тамағын кенеп, жөтелген секілді рай танытқан. Ең болмаса бері қарай мойнын сәл бұрса несі кетеді.

Келіні кішкентайымен әуре. Түнде көрпесі ашық қалып суық тигізіп алыпты деп, соны біраз әңгімеледі. Әлде... қой, пенде шіркіннің кейде иіні келсін-келмесін бас білмеген бұқадай ай далаға ала қашатындығы несі-ей, а?! Мөңкебай мені соған кінәлап отыр ма деп те сәл-пәл іштартып қалды. Дұрыс-ау, келіндікі дұрыс. Қырып тастаған шаруасы жоқ, түннің бір уағында аяғын ұшынан басып, бүйірдегі бөлмеде жатқан немерелерін бір байқап қайтса қайтеді. Көрпелері ашылып қалса қымтасын, тіпті түзге шығарсын. Қолына жұға ма. Тегін ішкен тамағын сүйтіп ақтамай ма анда-санда. Тағы жөткерінді. Тым-тырыс... Бір жетіден соң Мөңкебайдың Аралға жүретіндігі бұлардың қаперіне кіріп шықса не дейсің.

– Қарлығаш, – деді биыл бесіншіге баратын үлкен немересіне, – ешнәрсе естіген жоқпысың? Иә, оны қайдан естіін деп едің. Тек саған ғана айтайын. Мыналардың құлақтары онсыз да керең ғой. Атаң Аралға жүреді бұйырса...

– Қашан?

– Бір жұмадан соң. Шақырады, «Келіп қайтыңыз, Арал орнында, теңіз толып келеді. Сіздің орныңыз бұл жақта да үңірейіп тұр», – деп құдайдың зарын қылады.

– Ендеше барып қайтыңыз.

– Міне, ақыл! Осыны ести алмай діңкеледім емес пе манадан бері. Қайтамын... әрине, мені ол жақта кім ұстап қалар дейсің.

Суып қалған шайды бірден басына көтерді. Кесені жайдақ үстелдің бетіне сүлесоқтау итере салды. Онысы өзінше «әңдетті».

– Қызық!.. – Алдабергенге жан бітті.

– Түк те қызығы жоқ, шақырады, шақырған жерге бару керек шығар.

Келіні төмен қарады.

– Тегін, жол қаражатының бәрі тегін, – деді Мөңкебай, – арнайы

вагон жалдап апарады. Жәй, сендер де біліп жүрсін дегенім ғой. Солай...– Тізесіне түскен нан қиқымдарын саусақ ұшымен теріп алды.

\*\*\*

Аралға жақындағанда қызық болды. Қызық болғанда да адам түсініп болмайтын шиыр-шатпақ. Бірде жүрегі алабұртып үсті-үстіне сұққылады, бірде көзінің алды тұманданып, көңілі босады. Жұмсақ орындықты келіскен вагонның қуықтай дәлізімен олай-былай кезгілеп жүрді. Әлдекімдер қарсы жолығысса, кесірімді тигізбейін деп бір шетке ығысып жол ұсынды. Біреулер Аралдың байырғы балықшысын шынымен тани ма, әлде үлкен кісі ғой ізет көрсетейікші дей ме, әйтеуір қос қолын ұсынып, жөпелдемеде жапатармағай амандасып жатады.

Ал мұндайда не істеу керек? Жұрт құрақ құшады Аралдың байырғы балықшысына. Оқтау жұтқандай кекірейіп жүрудің азабын бір адамдай-ақ тартқан. Ендігісі не кісімсу? Ара-тұра әңгімелесу үшін қоқыс салған темір жәшіктің төңірегінен де адам-қара іздемеуші ме еді. Кезбе, бомж деп сол соры қайнағандарды несіне кемсітеді. Оу, олардың кезінде қандай адам болғандығын кім біліпті. Оқтау жұтқандай сіресіп жүрейін деп жүре ме. Бәрінің себебі бар. Келіні тік мінезділеу. Мұнысы да адам баласына сездірмеген сыры еді. Амандық болса Аралға да жетер, кішкене жеңілденгісі келеді мұның да. Ақ ниетпен келе жатқанда жүрегінің анау-мынаудан тазарғаны дұрыс-ау. Періште қалпында кездесе кәнекей, кәрі теңізімен! Екеуі де қартайды... Тек! Не, не деді-ей! Жағы қарысып қалмайды-ау Мөңкебайдың! Ұлы теңіздің көнересі толса жасарғаны емес пе?! Соған да ақыл керек пе екен? Келін дейді, келіні кірпияз болса Алдабергеннен айырып ала ма? Екі-үш қара домалақтың басы көрінді. Келінді несіне кінәлайды, қалаға көшіп келгенде-ақ ескерткен. Жөн, ақылға сияды. «Көршілерге ашылып-шашыла бермеңіз». Үйге тіркете алмайтындығын сыпайылап солай жеткізді. Біреулердің: «Алдабергеннің әкесі есепте жоқ, бұлар пәтерақыны аз төлейді», – деп түтіндетпесіне кім кепіл. Сонымен Мөңкебайдың жұрттан жырылып, саяқ жүруі де заңдылық. Ал темір жәшік төңірегінділермен сырласқысы келетіні, сірә, олардың да біразы есепте жоқ болар.

– Ассалаумаәлейкүм, аға!

– Әлейкүм!..

– Қай баласың, осы вагонмен келесің бе?

– Бірге шықтық қой Алматыдан.

– Сөйтіп шақырумен келе жатырмын де...

– Солай.

– Жөн-жөн. – Мөңкебайды аржағынан кекесінді күлкі қытықтайды. «Адам іздеп жүрсіз ғой, ал сырлас, өңкей жерлестерің...» Шашын тіп-тік етіп қырғызған көзәйнекті жігітті жеңінен тартып тоқтатты.

– Қай ауылдансың, шырақ?